

**Бейнеу аудандық мәслихатының 2020 жылғы 30 қарашадағы № 56/448 "Тәжен ауылының жергілікті қоғамдастық жиналышының регламентін бекіту туралы" шешіміне өзгерістер енгізу туралы**

Маңғыстау облысы Бейнеу аудандық мәслихатының 2023 жылғы 5 мамырдағы № 2/21 шешімі

Бейнеу аудандық мәслихаты ШЕШТІ:

1. "Тәжен ауылының жергілікті қоғамдастық жиналышының регламентін бекіту туралы" Бейнеу аудандық мәслихатының 2020 жылғы 30 қарашадағы №56/448 шешіміне (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде №4354 болып тіркелген) мынадай өзгерістер енгізілсін:

Тәжен ауылының жергілікті қоғамдастық жиналышының регламентінде:

З тармақта:

тоғызыншы абзац жаңа редакцияда жазылсын, орыс тіліндегі мәтіні өзгермейді:

"Қазақстан Республикасының ветеринария саласындағы заңнамасында көзделген жағдайларда тиісті аумақта карантиндік режимді енгізе отырып, карантиндік аймақты белгілеу (кушін жою) туралы, карантинді және (немесе) шектеу іс-шараларын белгілеу (алып тастау) туралы шешімдер қабылдауды, сондай-ақ табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайды жариялауды, сондай-ақ "Құқықтық актілер туралы" Қазақстан Республикасының Заңында көзделген мерзімдерде олар бойынша ұсынымдар беруді көздейтін атқарушы органдардың, сондай-ақ әкімдердің нормативтік құқықтық актілерінің жобаларын қоспағанда жергілікті қоғамдастықтың өзекті мәселелерін, азаматтардың құқықтарына, бостандықтары мен міндеттеріне қатысты нормативтік құқықтық актілердің жобаларын талқылау";

оныншы абзац алып тасталсын.

2. "Бейнеу аудандық мәслихатының аппараты" мемлекеттік мекемесі осы шешімді ресми жариялауға жіберуді қамтамасыз етсін.

3. Осы шешім оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін құнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Бейнеу аудандық мәслихатының төрағасы

А.Бораш